

К. М. БЕРКІНБАЕВ

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СТАТИСТИКАДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

Ақпараттық жүйелерді жазу және өндіріске енгізу мысалы ретінде мемлекеттік статистика органдарында экологиялық статистика саласы бойынша пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің сипаттамасын қарастырайық. Ақпараттық технологияларды статистикада ендірудің жолдары мен ондағы кездесетін әр түрлі деңгейдегі мәселелер Ә. С. Әбдиев пен А. Б. Косяненко еңбегінде баяндалған [1].

Коршаған ортаны қорғау аясындағы статистиканы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мынадай мемлекеттік есептілік нысандары негізінде жүргізеді:

№2 тп (ауа) – «Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі есеп»;

№3-уытты қалдықтар – «Уытты қалдықтардың пайда болуы және аластатылу туралы есеп»;

№18-кс – «Коршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі мәліметтер»;

№ 4-ос – «Табиғатты қорғаудың ағымдағы шығындары, экологиялық төлемдер және табиғи ресурстар үшін төлем туралы есеп»;

1-табиғатты қорғау – «Экологиялық апартар, тоқтатылған нысандар мен табиғат қорғау заңдарын бұзу жөніндегі есеп».

*Атмосфералық ауаны қорғау.* Атмосфераны ластау бойынша статистикалық бақылау атмосфераға шығарған жалпы ластайтын заттар мен тазарту қондырығыларымен жаракталғанына қарамастан атмосфералық ауаны ластаудың стационарлық көздері бар барлық қәсіпорындарды жаппай есептеу әдісімен жүзеге асырылады. Бұл статистикалық бақылау жылына екі рет жүргізіледі.

Есеп қәсіпорындарда үйімдастырылатын бастапқы есепке алу деректерінің, тұрақты ластайтын көздер мен олардың сипаттамасының есебін алу журналдарының, газдан тазарту және шаң тұту қондырығыларының жұмысын есепке алу журналдарының, сондай-ақ қәсіпорынның экологиялық төлкүжатының негізінде жасалады. Бастапқы есепке алу күжаттамасы ретінде белгіленген тәртіппен келісілген салалық нысандар мен нұсқаулар да жарай береді.

Бұл есепте автокөлікті қоса алғанда ластаудың жылжымалы көздері бойынша деректер көрсетілмейді. Сондай-ақ есепке өнім өндірісінің технологиялық үрдістерінде шикізат немесе жартылай

фабрикат ретінде пайдаланылатын газбен коса кететін заттардың саны туралы деректер кірмейді, егер бұл әуел бастан осы технологияның жобасында көзделген болса.

№2 тп (ауа) «Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі есептің» статистикалық көрсеткіштері мынадай:

Ластайтын заттар тарайтын қайнар көздердің бар болуы, бұл көрсеткіштер есеп беретін кәсіпорындарға жол берілетін шекті шығарулардың (ЖБШШ) және уақытша келісілген шығаруларды (УКШ) енгізуі, сондай-ақ ол нормаларды бақылауға арналған.

Ластайтын заттар көлемі, барлық ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған көздерден атмосферага тарайтыны, тазарту құрылымдарынан өткені, сондай-ақ заттарды тұтуға (залалсыздандыруға) арналмаған газ тазалау және шаң тұту қондырығылардан өткендері.

Арнағы жабдықталған қондырығылар арқылы атмосфераға тарайтын (құбырлар, желдеткіш қондырығылар, аэроциялық шамдар және т.б.), бірақ мұның өзінде алдын ала тазаланбайтын ластаушы заттардың, сондай-ақ оларды тұтуға арналмаған газ тазалау және шаң тұту қондырығылар арқылы өткенимен тұтылмаған заттар көлемі.

Кәсіпорындағы газ тазалау және шаң тұту қондырығыларына (олардың накты жұмысына байланыссыз) түсіп, тазаланатын ластаушы заттар (барлығы және жекелеген ингредиенттер бойынша) көлемі.

Тұтылған (залалсыздандырылған) ластаушы заттардың көлемі.

Өндіріске қайтарылып, тауарлық өнім алу үшін пайдаланылған немесе басқа жаққа өткізілген тұтылған ластаушы заттардың көлемі.

Тазаланғаннан не тазаланбай-ақ тасталғаннан кейін ауа бассейніне түсін ластаушы заттардың (қатты, газ тәрізді және сұйық, соның ішінде жекелеген ингредиенттер бойынша) көлемі.

Атмосфераға шығарылған өзіндік ластайтын заттар.

Кәсіпорындағы жалпы шығарулардың тұрақты (ұйымдаспағанын қоса) көздерінің саны.

Тазарту қондырығыларымен жабдықталған стационарлық ластау көздерінің саны.

Атмосфераға таратуға рұқсат етілген ластаушы

заттар.

Кәсіпорынның атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемін қысқарту жөнінде көзделген шараларды аяқталуының орындалуы.

**Уытты қалдықтар.** Уытты қалдықтардың пайда болуы және аластатьлуы бойынша статистикалық бақылау өнеркәсіптік уытты қалдықтары бар кәсіпорындарды жаппай есепке алу әдісімен жүзеге асады (түзілүі, үю, көму, залалсыздандыру, жою). Бұл статистикалық бақылау жылына екі рет жүргізіледі: жарты жылдық және жылдық.

Есеп кәсіпорындарының экологиялық төлкүжаты және кіріс-шығыс қүжаттары мәліметтерінің негізінде құрылады (кіріс және шығыс ордерлері, материалдарды қабылдау жөніндегі актілер, улы материалдар мен заттарды жөнелту жүк қүжаты, улы өнеркәсіп қалдықтарын өткізу төлкүжаты, қойма есебінің карточкасы мен ведомостысы, кәсіпорыннан қалдықтарды шығару қүжаттары, т.б.).

Уытты қалдықтардың барлық түрі, соның ішінде құрамында улы заттары бар жарамсыз болып қалғандары да (қолдануға тыйым салынған пестицидтер мен улы химикаттарды қоса) есепке алуға жатады. Кәсіпорындарда пайда болған, басқа кәсіпорындардан келіп түскен радиоактивті қалдықтар, оларды пайдалану, залалсыздандыру, үю және аластау да есепке алынуға жатады.

Уытты қалдықтар 4 қауіптілік нысанына бөлінеді:

- 1-ші класс – аса қауіпті;
- 2- ші класс – қауіптілігі жоғары;
- 3- ші класс – қауіптілігі шамалы;
- 4- ші класс – қауіптілігі аз.

Уытты қалдықтардың қауіптілік кластарын кәсіпорындардың технологиялық зертханалары, ведомстволық ғылыми-зерттеу институттары коршаған ортаны корғау жөніндегі ведомстволық бөлімшелердің, жергілікті табиғат корғау органдары мен санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың мамандарының катысуымен аныктайды.

Бұл статистикалық есептіліктің көрсеткіліктері мыналар:

Есепті кезең басындағы уытты қалдықтардың жиынтығы, яғни кәсіпорын балансында көрсетілгені, кәсіпорын аумағындағы және одан шеттеп тысы: кәсіпорынның сақтау орнында жатқаны, жинақталғаны, қоймадағы, полигондағы, қорымдағы, қоқыстағы;

Есепті кезеңдегі кәсіпорындарда тікелей пайда болған қалдықтар көлемі;

Қандай да бір өнім алу үшін пайдаланылған қалдықтар көлемі;

Кәсіпорында толық залалсыздандырылған (жойылған) қалдықтар көлемі;

Үйымдастырылған турде үйілетін және көмілдетін орындарға (сақтау, жинактау орындарына, қоймаларға, қорымдарға, полигондарға және т.б.) жөнелтілген қалдықтар көлемі.

Уытты қалдықтардың үюге (көмуге) рұқсат етілген көлемі.

Коршаған ортаны қорғаудың және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың инвестициялары. Коршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану инвестиациясын статистикалық бақылау табиғатты қорғау нысандарының құрылышын жасайтын кәсіпорындарды жаппай есепке алу әдісі бойынша жүзеге асады. Бұл бақылаулар жылына бір рет жүргізіледі.

Бұл статистикалық есептіліктің көрсеткіштері байлайша бейнеленеді:

Инвестициялар, оның ішінде бүтіндей құрылыш-монтаж жұмыстары, табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау бойынша шаралардың барлығы.

Шаралар бойынша инвестициялар:

- су ресурстарын, жерді және орман ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау;
- атмосфералық ауаны қорғау;
- балық қорларын, жабайы андар мен құстарды қорғау және ұдайы өсіру;
- қорықтарды және басқа да табиғат қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

Коршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану нысандарын іске қосу, өндірістік қуаттарды іске қосу мәліметтерімен бейнеленуі (кәсіпорындардағы су тазалауға арналған станциялар, тасқынға, көшкінге және тасқын суға қарсы құрылымдар, қорғаныш орман алқаптарын құру, жерлерді балтау, балық өсіру шаралары, балықтарды қорғау қондырылғылары).

Табиғатты қорғаудың ағымдағы шығындары, экологиялық төлемдер және табиғи ресурстар үшін төлем. Табиғатты қорғаудың ағымдағы шығындары, экологиялық төлемдер және табиғи ресурстар үшін төлемдер бойынша статистикалық бақылауды өзіс-әрекеттерінде табиғи ресурстарды қолданатын, өндіріс қалдықтарын тастайтын (жіберетін) және табиғи ортаны тұтынатын (атмо-сфералық ауаны, су нысандары, жер бедерлерін), тазалау қондырылғылары барлары, табиғатты қорғау шараларын жүргізетін, сонымен қатар өндіріске сәйкес бюджеттік төлем-

дер және экологиялық қорлары бар барлық кәсіпорындарды жаппай есепке алу арқылы жүзеге асырады.

Бұл статистикалық бақылау жылына екі рет жүргізіледі, жарты жылдық және жылдық. Есеп кәсіпорындарда ұйымдастырылған алғашқы бухгалтерлік есептің қоршаған органдың нақты шығындарының негізінде құрылады.

Бұл статистикалық есептіліктің көрсеткіштері келесідей:

Су ресурстарын қорғаудың және тиімді пайдаланудың ағымдағы шығындары;

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ағымдағы шығындары;

Жерді өндіріс қалдықтарынан қорғаудың ағымдағы шығындары;

Жерді қайта құнарландырудың ағымдағы шығындары;

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі кондырғылар мен құрылғыларды күрделі жөндеу шығындары;

Су ресурстарын тиімді пайдаланудың кондырғылары мен құрылғыларын күрделі жөндеу шығындары;

Ластағыш заттардың шығарымдылары мен төгінділері және өндіріс қалдықтарын орналастырғаны, әрі шығарындыларды (төгілгендерді) белгіленген шектелімде тұтынғаны үшін ұсынылған және нақты төленген төлемдері;

Ластайтын заттарды атмосфераға нормативтен тыс шығарғаны үшін ұсынылған және төленген төлемі;

Кәсіпорындардың табиғат қорғау заңдарын бұзудан болған залалды өтеуге ұсынылған және нақты өндіріліп алынған қаржаттар қолемі;

Табиғат ресурстарын пайдаланғаны, табиғат ресурстарын тиімсіз және жан-жақты пайдаланбағаны үшін есептелінген және нақты белгіленген төлемдер;

Қоршаған органды қорғау бойынша негізгі өндірістік қорлардың оргаша жылдық құны.

Қоршаған органды қорғауды мемлекеттік бақылау. Қоршаған органды қорғауды мемлекет деңгейінде тексеруді статистикалық бақылау қоршаған органды қорғаудың облыстық, қалалық инспекциямен кәсіпорынды тексеру, жануарлар мен өсімдіктер әлемін облыстық аймақта мемлекеттік тексеру, биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік-Каспий мекемесі, биоресурстарды қорғау жөніндегі Балқаштың аймақтық мекемесі актілерінің

негізінде жүзеге асырылады.

Бұл статистикалық есептіліктің негізгі көрсеткіштері төмендегідей:

Су және жер ресурстарына, атмосфералық ауаға апattyқ жағдайда тасталынған және шығарылған ластайтын заттар қолемі;

Апatty себептерден тасталымдар мен шығарылымдардан болған залалдар сомасы;

Табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзғандары үшін заңды тұлғалар мен азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға сотқа жіберілген істердің саны;

Табиғатты қорғау заңдылықтарын бұзғандары үшін салынған және өндіріліп алынған айып сомасы;

Барлық нысандар бойынша көрсеткіштер тізімі жыл сайын Қазакстан Республикасының Қоршаған органды қорғау министрлігімен келісіледі және қажет жағдайда есептілік нысанына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Статистикалық есептілік нысанын және оны толтырудың ағымдағы нұсқаулылықты Қазакстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі бекітеді.

Барлық статистикалық формалар бойынша мәліметтерді жинау технологиясы және өндіріліп алынған айып сомасы;

1. Кәсіпорындардың статистикалық тіркелуіне негізделген және облыстық қоршаған органды қорғау (ҚОҚ) басқармаларымен келісілген есеп беретін мемекемелер тізімі (кәсіпорындар каталогы) жасалады. Кәсіпорындар каталогында заңды тұлғалар мен олардың бөлімшелері туралы қысқаша әкімшілік және экономикалық ақпараттар бар.

2. Кәсіпорындарға және олардың құрылымды бөлімшелеріне бекітілген статистикалық есептілікке сай нысандарды және есепті толтыру жөніндегі нұсқаулықтар бланктері жіберіледі. Қоршаған органды қорғау министрлігінің тексеру-инспекторлық әрекеттермен айналысадын аймақтық органдарынан №1-«қорғау» статистикалық есептілігі жиналады.

3. Жасалынған және толтырылған есепті кәсіпорын міндетті түрде облыстық ҚОҚ басқармаларына оның келісімін алу үшін жібереді.

4. Одан кейін статистикалық есеп облыстық статистика басқармасына ұсынылады.

5. Облыстық статистика басқармалары ақпараттарды жинап болғаннан кейін техникалық ақпарат тасымалдаушыларға автоматты түрде енгізеді және олардың арифметика-логикалық бақылауын жүзеге асырады.

6. Есептерде арифметикалық-логикалық қателер табылған жағдайда кәсіпорындарда сұрау жасалады.

7. Ақпараттарды түзеу жүзеге асырылады.

8. Барлық қателіктер түзетілгеннен кейін облыстық деңгейде ақпараттардың жиынтық қорытындылары құрылады.

9. Облыстық деңгейдегі ақпараттар аудандар бойынша, аса ластанған қалалар бойынша, облыстық өндірістік орталықтар бойынша, кәсіпорындардың экономикалық қызметті бойынша топталады.

10. Облыстық деңгейден алғашқы ақпарат мөдем байланысы арқылы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне жіберіледі.

11. Алынған алғашқы ақпараттар негізінде республика бойынша ақпараттардың жиынтық қорытындылары құрылады. Статистикалық мәліметтер жиынтығы республика бойынша, облыстар бойынша, аса ластанған қалалар, өндіріс орталықтары, кәсіпорындардың экономикалық қызметтінің түрі бойынша құрылады.

12. Есептердің қорытындылары бойынша статистикалық бюллетендер жасалып, қызығушылық танытқан барлық пайдаланушыларға жіберіледі.

1998 жылдан бастап «Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп», «Уытты қалдықтардың пайда болуы және аластатылуы туралы есеп», «Табиғатты қорғаудың ағымдағы шығындары, экологиялық төлемдер және табиғи ресурстар үшін төлем туралы есеп» статистикалық есептіліктерінің көрсеткіштері бойынша ақпараттық мәліметтер қоры құрылды. Осы қордан алынған мәліметтер негізінде шығарылған қорытынды жинақ жүртшылық назарына ұсынылды [2].

Статистикалық ақпаратты (жалпы жағдайда, экономикалық ақпаратты) өндіре үшін және ақпараттық жүйелер арасындағы байланысты орнату үшін сыйыптауыштар (классификаторлар) жасалынып, жүйелерге ендіріледі. Сыйыптауыш дегеніміз жіктелетін (сыйыпталатын) элементтер атаулары мен олардың кодталған белгілерінің жүйеленген жиынтығы. Сыйыптауыштар еліміздегі ақпараттық кеңістіктің біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында жасалады. Сонымен қатар, сыйыптауыштар техника-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты электронды өндіре әртүрлі деңгейдегі жүйелерінің бір-бірімен қатынасының ақпараттық тілі деп те айтуда болады.

Сыйыптау нысандары ретінде ел экономикасы-

ның әртүрлі элементтері алынуы мүмкін. Мысалы, экономикалық қызмет түрлері, барлық меншік түріндегі кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекеттік басқару органдары, әкімшілік-аумақтық бірліктер, пайдалы қазбалар, техникалық-экономикалық көрсеткіштер, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және құрылыстық өнімдер және т.с.с.

Статистикалық ақпаратты өндіре қеңінен қолданылатын сыйыптауыштар ретінде төмендегілерді атауға болады.

ЭКЖС – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыйыптауышы;

МНС – Меншік нысандары мен түрлерінің сыйыптауышы;

ЭСС – Экономика секторларының сыйыптауышы;

ҰҚНС – шаруашылық жүргізуін ұйымдастыру-құқықтық нысанының сыйыптауышы;

ӘАОС – әкімшілік аумақтық нысандар сыйыптауышы;

КҮЖС – Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыйыптауышы.

Статистика органдарында қолданылатын сыйыптауыштардың жалпы сипаттамасы арнаулы жинақта [3] берілген. Бұл енбекте әрбір сыйыптауыштың сипаттамасы берілген, атап айтқанда, бекітілген уақыты мен қолданыска енгізілген уақыты, пайдалану саласы, нормативтік сілтемелер, негізгі қолданылатын ұғымдар, жалпы тәртіpler, жүргізу тәртібі және сыйыптауыш құрылымы мен схемасы келтірілген. Статистикалық сыйыптауыштарды жасау және сүйемелдеуді Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі жүзеге асырады. Мемлекеттік деңгейдегі сыйыптауыштар Қазақстан Республикасы Мемстандартының қараплары мен бұйрықтары арқылы, ал ведомостволық сыйыптауыштар Статистика агенттігінің қараплары мен бұйрықтары арқылы бекітіліп, қолданыска енгізілген. Мемлекеттік сыйыптауыштар Қазақстан Республикасында пайдалануға міндетті болып табылады. Оларды пайдалану статистикалық мәліметтерді тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, халықаралық деңгейде де салыстырып отыруға мүмкіндік береді, себебі олар халықаралық стандарттармен үйлестірілген.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Абдиев К.С., Косъяненко А.Б. Внедрение информационных технологий в статистике // Экономика и статистика. Алматы, 2000. №3.

2. Экологическая статистика. Статистический сборник / Под ред. А. А. Смаилова. Алматы, 2001. 104 с.
3. Основные классификаторы, используемые в органах статистики // Статистический сборник. Алматы, 2004. 60 с.
4. Әбдиев Ә.С., Беркінбаев К.М. Экологиялық информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесі. Монография. Кентай: Ә. А. Ясауи атындағы ХЭТУ Кентау институты, 2005. 124 б.

branch of ecological statistics in order to introduce their use in industry of State statistics organs.

*К. А. Ясауи атындағы ХҚТУ,  
Кентау институты*

13.04.06ж. түскен күні

### Резюме

Описываются разработка и внедрение на производстве информационных систем на примере экологических отчетов Агентства Республики Казахстан по статистике.

### Summary

In this article is given features of information system in

*A. Ю. МАЛЬЧИК*

## ОБЪЕДИНЕНИЕ «КЫЯЛ» В ПЕРИОД СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ СЕРЕДИНЫ 1980–1990-х гг.\*

К середине 1980-х гг. Объединение народных художественных промыслов (ОНХП) «Кыял» представляло собой предприятие всесоюзного значения, продукция которого была известна не только в республиках Советского Союза, но и в 22 странах мира. Через всесоюзную организацию «Новоэкспорт» ОНХП экспортировало свои изделия как в страны социалистического лагеря – ГДР, Чехословакию, Болгирию, Венгрию, Монголию, так и в развитые капиталистические страны – ФРГ, Италию, Англию, США, Канаду, Голландию, Швецию, Данию, Испанию, Францию и Турцию. Среди покупателей объединения «Кыял» были также страны Азии и Африки – Индия, Сирия, Иран, Алжир и Ливия [14, с. 178, 13].

Авторитет и мировую известность объединению принесло участие в различных зарубежных всесоюзных и республиканских выставках. Участвуя в них, оно завоевало 15 золотых, сереб-

ряных и бронзовых медалей, в том числе золотые медали на ярмарках в Лейпциге (ГДР), Брно (ЧССР), Загребе (Югославия) [14, с. 178].

В 1980-е годы в объединении «Кыял» функционировало более 20 крупных участков и цехов [2, с. 7]. Ежегодно ОНХП выпускало 700 видов разнообразных сувенирно-подарочных изделий [4]. Большое значение в те годы имело открытие на базе «Кыяла» СПТУ-92 – специального профтехучилища, обучавшего молодежь кыргызским художественным ремеслам [17, с. 145].

Благодаря плодотворной организаторской деятельности директора «Кыяла» О. Ю. Юсупова (1975–1987 гг.) была хорошо налажена работа областных филиалов объединения в городах Нарыне, Таласе, Пржевальске, с. Бокомбаево (колхоз им. К. Маркса), г. Рыбачьем, с. Комсомол (около г. Чолпон-Аты), с. Ат-Баши, в городах Оше и Узгене. Каждый из филиалов «Кыяла» имел свою специализацию, что значительно обогащало

\*Помимо архивных документов и опубликованных материалов использована информация, полученная автором в ходе личных бесед с генеральным директором ОНХП «Кыял» С. М. Макашовым и художниками В. А. Сырневым, М. Л. Томиловым и Т. М. Воротниковой.